Сынып сағаты: «Тазалық –денсаулық кепілі»
Биология – Салауатты өмір салты – Денсаулық және ауру

| | |
|---|---|
| **Пән** | Биология |
| **Мұғалім:** | Тұрғанбекова Айгүл Тоқтамысқызы |
| **Мектеп:** | Астана қ, № 82 «Дарын» мамандандырылған лицейі |
| **Сынып:** | 8-сынып |
| **Сынып сағатының тақырыбы** | «Тазалық – денсаулық кепілі» |

| | |
|---|---|
| **Іс шараның мақсаты** | Тазалықтың денсаулыққа пайдасы мен күнделікті өмірде тазалықты сақтау маңыздылығын түсіндіру. |
| **Күтілетін нәтиже** | Тазалық сақтаудың маңызын түсініп, күнделікті өмірде тазалықты сақтауға дағдыланады. |
| **Табыс критерийлері** | ➢ Оқушылар тазалықты сақтау ережелерін біледі;<br>➢ Жеке бас гигиенасын түсінеді;<br>➢ Түрлі ауру көрсеткіштері бойынша ақпарат жинау дағдыларын қалыптастырады. |
| **Әдіс-тәсілдер** | «Серпілген сауал», «Fila» кестесі, топтық жұмыс. |
| **Ақпарат көздері** | |
| **Құндылықтарға баулу** | «Мәңгілік Ел» құндылықтарын жүзеге асыру, зайырлы қоғам және жоғарғы руханият құндылықтарына баулу, денсаулықты сақтау, өмір бойы білім алу, бір біріне көмек көрсету. |

| **Сынып сағатының жоспарланған кезеңдері** | **Сынып сағатында жоспарланған жаттығу түрлері** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Басы**<br>10 мин<br><br>*Тренинг*<br>*2 мин*<br><br>*Топқа бөлу*<br>*1 мин*<br><br>Білу<br>*(3 мин)* | Оқушылармен амандасу. Психологиялық ахуал туғызу. Оқушыларға түрлі түсті сурет кесінділері беріледі. Суретте көрсетілген мағына бойынша оқушылар топқа бөлінеді.<br><br>**I топ**  **II топ**  **III топ** <br><br>Тазалық сақтау маңыздылығы туралы **видео** көрсетілім арқылы сынып сағатының SMART мақсаты анықталады, оқушылар жетістік критерийлерімен танысады.<br>***Маңызды дерек***<br>Патогендердің таралуын шектеудің ең тиімді жолы – дұрыс гигиена сақтау. Тамақтану гигиенасын сақтау өте маңызды, өйткені тамақ өнімдерінде қауіпті бактериялар болуы мүмкін. | https://twig-bilim.kz/kz/film/germs-and-hygiene |

<table>
<tr>
<td>Түсіну<br>(4 мин)<br><br>Ортасы<br>25 мин<br><br>Қолдану<br>(10 мин)</td>
<td>
«Серпілген сауал» әдісі<br>
Тақырыптың білу, түсіну деңгейін арттыруға және талқылау дағдыларын дамытуға қол жеткізу үшін сыныптағы оқушылардың арасында сұрақтар лақтырылады:
<ul>
<li>Неліктен жеке гигиена сақтау маңызды?</li>
<li>Неге тамақ гигиенасы аса маңызды?</li>
<li>Күнделікті өмірде тазалықты сақтау үшін қандай ережені қолданасыздар?</li>
</ul>
Оқушылар топпен ойланып, ой пікірлерін ортаға салады. Басқа топтардың ойын тыңдап, пікір алмасады. Тазалықты сақтау ережелерін берілген ПОСТЕРГЕ жазып, сызады. Ортақ ереже шығарылады.<br><br>
Сергіту сәті: «Бос орынды толықтыр» ОЙЫНЫ →<br>
Практикалық жұмыс: «Өмір салты және тамақтану» симуляторын қолдану (Топтық жұмыс).<br><br>
<br><br>
Оқушылар берілген тапсырма бойынша;<br>
– ыдысқа тағамды салу арқылы тамақтану ережесін өзгертеді;<br>
– күнделікті жаттығуларды күнделікке жазып, орнын алмастыра өзгертеді;<br>
– өмір сүру салтын адам суретінің астындағы нұсқалар арқылы өзгертеді;<br>
Нәтижесін топпен талдап, ортаға салады. Ойларын білдіріп, пікір алмасады.
</td>
<td>https://imektep.kz/kz/game#select_words-787<br><br>https://bilimland.kz/kk/content/lesson/5872-tamaqtanu_zhane_zhattyhu_zhasau</td>
</tr>
<tr>
<td>Талдау<br>(15 мин)</td>
<td>
«Таза болса табиғат, аман болар адамзат»<br><br>
«FILA» әдісі
<table>
<tr><td>Facts<br>Деректер</td><td>Ideals<br>Ой пікірлер</td><td>Learning<br>Оқыту сұрақтары</td><td>Action plan<br>Іс әрекет</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td>https://bilimland.kz/kk#lesson=12010</td>
</tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | • Берілген ВИДЕОны тыңдап, пікір алмасады. Кестені толтырады. Топ басшысы қорғайды.<br>**Қосымша сұрақтар:**<br>1. СӨС ұстану ережелерін талдап, түсіндіріңдер (дене шынықтыру сабағымен байланыс).<br>2. Темекі шегу салдарынан денсаулығын жою адамның өзіне байланысты екенін түсіндіріңдер.<br>3. Адамдар денсаулығын сақтау үшін гигиена ережелерін талдап, түсіндіріңдер.<br>4. Қосымша деректерді пайдаланып, тыныс алу ауруларының пайда болу тарихы бойынша қажетті деректерді жинақтаңыз (тарих пәнімен байланыс).<br>*Оқушылар:*<br>➢ СӨС ұстану ережелерін біледі;<br>➢ Түрлі ауру көрсеткіштері бойынша ақпарат жинау дағдыларын қалыптастырады7 | |
| **Соңы**<br>10 мин<br><br>Жинақтау<br>(7 мин)<br><br>Бағалау<br>(3 мин) | **«Қара жәшік» ішіндегі жұмыс**<br><br>**Рефлексия пирамидасы**<br> | |